АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТІ

ХАТТАМАСЫ № 6

Күні: «05» желтоқсан 2024 жыл
Өткізілген орны: «Ақ ниет» балабақшасы
Іс-шара тақырыбы: Кеңес. Баланың сөйлеу тілін дамытуда ата-ананың рөлі.
Жауапты: педагогтар, тәрбиешілер
Іс-шара тақырыбы
Күн тәртібі:
1.Баланың сөйлеу тілін дамыту жолдары.
2.Ата-ананың сөйлеу тілін қалыптастырудағы рөлі.
3.Ата-аналардың сұраныстары бойынша жеке жұмыс жүргізу.
Тыңдалды:
Педагог-тәрбиешілер ата-аналарға баланың сөйлеу тілін дамытуда күнделікті қарым-қатынастың маңызы туралы кеңес берді.
Баламен жиі сөйлесу, ертегі мен кітап оқу, суреттер бойынша әңгіме құрастыру, баланың сұрақтарына толық жауап беру және жаңа сөздерді күнделікті қарым-қатынаста қолдану ұсынылды.
Ата-аналарға баланың сөзін бөлмей тыңдау, дұрыс сөйлеу үлгісін көрсету және баланың сөйлеудегі жетістіктерін қолдау қажеттігі түсіндірілді.
Ата-аналардың сұраныстары бойынша жеке кеңестер жүргізілді.
Қаулы:
1.Үй жағдайында баламен жүйелі түрде әңгімелесу және кітап оқу ұйымдастырылсын.
2.Баланың сөздік қорын кеңейтуге бағытталған ойындар қолданылсын.
3.Жеке сұраныстар бойынша кеңес беру жұмыстары жалғастырылсын.

Жауапты: Меңгеруші: Н.Джубаниязова

Хатшы: Педагог-психолог: А.Сихова